

FTAMP 06.71.07

DOI: <https://doi.org/10.55871/2072-9847-2026-70-1-129-139>**Момбекова Г.***

аға-оқытушы
«С.Сейфуллин атындағы Қазақ
агротехникалық зерттеу университеті»
Астана қ., Қазақстан
e-mail: mombekova.gauhar@mail.ru
ORCID: 0000-0002-1151-5996

Юсупов У.

PhD, қауымдастырылған профессор
Қ.Құлажанов атындағы
Қазақ технология және бизнес университеті
Астана қ., Қазақстан
e-mail: nusup86@mail.ru
ORCID: 0000-0002-7706-3195

Жумағалиева Б.

PhD
Астана халықаралық университеті
Астана қ., Қазақстан
e-mail: bakytgul2015@mail.ru
ORCID: 0000-0002-4238-6760

ЦИФРЛАНДЫРУ ЖАҒДАЙЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КӘСІПОРЫНДАРЫНДА БУХГАЛТЕРЛІК АУТСОРСИНГТІҢ ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ

Аңдатпа

Ұсынылған мақалада цифрландыру жағдайында Қазақстан Республикасындағы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында бухгалтерлік аутсорсингтің даму перспективалары және оның тиімділігін арттыру тетіктері кешенді түрде талдауға бағытталған. Ауыл шаруашылығы саласында есеп жүргізу үдерістерін заманауи цифрлық технологиялармен интеграциялау шығындарды оңтайландыруға, деректердің дәлдігі мен жеделдігін арттыруға, сондай-ақ ақпараттық ашықтық деңгейін күшейтуге ықпал етеді. Осы контексте аутсорсинг кәсіби мамандарға қолжетімділікті кеңейтіп, кәсіпорындардың ішкі ресурстарын негізгі өндірістік қызмет бағыттарына тиімді қайта бөлуге жағдай жасайды. Зерттеу барысында бухгалтерлік функцияларды сыртқы орындаушыларға берудің артықшылықтары мен тәуекелдері, құқықтық және ұйымдастырушылық шектеулері, сондай-ақ бұлттық платформалар мен автоматтандырылған есеп жүйелерін қолдану механизмдері талданды. Сонымен қатар кадрлық құзыреттерді дамыту, деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету және шарттық қатынастарды реттеу мәселелері қарастырылды. Зерттеу әдістері ретінде ақпараттық-логикалық талдау, синтез, жүйелеу, экономикалық модельдеу және мониторинг әдістерінің жиынтығы қолданылды. Алынған нәтижелер басқару жүйелерін жетілдіруге, цифрлық бухгалтерия сапасын арттыруға және аутсорсингтік тәжірибені кеңейтуге бағытталған ғылыми негізделген практикалық ұсынымдар қалыптастыруға мүмкіндік берді. Алынған нәтижелер фермерлік шаруашылықтар мен агрохолдингтерде басқарушылық шешім қабылдау сапасын арттыруға, қаржылық есептіліктің уақтылылығы мен дәлдігін қамтамасыз етуге, инвестициялық тартымдылықты күшейтуге, тәуекелдерді төмендетуге және мемлекеттік қолдау бағдарламаларын тиімді пайдаланудың институционалдық алғышарттарын қалыптастырады. Сонымен қатар өңірлік деректерді салыстырмалы талдау негізінде жоспарлау тиімділігі мен бақылау көрсеткіштерінің дәлдігі артып, ұзақ мерзімді стратегиялық шешімдердің ғылыми негізділігі қамтамасыз етіледі.

Түйін сөздер: бухгалтерлік аутсорсинг, цифрландыру, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, тиімділік, шығындарды оңтайландыру, цифрлық платформа, басқару жүйесі.

КІРІСПЕ

Қазіргі заманғы бизнесте аутсорсингі қолдану тәжірибесі барған сайын кең таралуда. Кәсіпорынды басқаруда аутсорсингтің ғылыми және практикалық маңыздылығының артуы қазіргі заманғы шетелдік кәсіпорындардың жартысынан көбі кем дегенде бір бизнес-процесті жүзеге асыру үшін осы тәсілді қолда-

натындығымен дәлелденеді. Айта кету керек, Қазақстанда аутсорсинг өзінің дамуының бастапқы кезеңінде және негізінен ақпараттық технологиялар нарығының дамуына және шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін қайта құрылымдауға әсер етеді. Мұны ғылыми дереккөздерді талдау растайды. Зерттеу тақырыбының өзектілігі бұл мәселенің теориялық тұрғыдан жеткілікті әзірленбегендігімен және Қазақстанда тәжірибеде сирек қолданылатындығымен айқындалады. Сонымен қатар, ол қазіргі жағдайда Қазақстанның аграрлық экономикасы үшін ерекше маңызды.

Ғылыми маңыздылығы. Зерттеудің ғылыми жаңалығы аутсорсингтің агроөнеркәсіптік кешенді әртараптандыру тетігі ретіндегі әлеуетті артықшылықтарын ашуда көрініс табады. Аймақтық экономикалық жүйеде ауыл шаруашылығы аутсорсингінің дамуына кедергі келтіретін негізгі факторларды анықтай отырып, бұл зерттеу оны іске асыру қағидаттарын негіздейді және аутсорсингті белсендірудің тиімді стратегияларын ұсынады, бұл Қазақстанның аймақтық экономикалық жүйесін әртараптандыруға ықпал етеді.

Зерттеудің мақсаттары. Зерттеудің негізгі мақсаты – ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында аутсорсингті қолданудың тиімділігін арттыру жолдарын анықтау және оны басқару жүйесіне енгізудің ғылыми негізделген тетіктерін әзірлеу. Осы мақсатқа жету үшін өндірістік қызметтің тиімділігін арттыру, шығындарды оңтайландыру және ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бәсекеге қабілеттілігін күшейтуге бағытталған басқарудың жаңа нысандарын зерттеу көзделеді.

ӘДБИЕТТІК ШОЛУ

Қазақстанда цифрландыру саясаты «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы арқылы жүйелі түрде дамып келеді. Бағдарламаның негізгі мақсаты – экономиканың барлық саласында цифрлық технологияларды енгізу арқылы тиімділікті арттыру және басқару үдерістерін жаңғырту болып табылады (Қазақстан Республикасы Үкіметі, 2017). Осы бағыт ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпорындар үшін де маңызды, себебі цифрлық жүйелер есеп жүргізуді автоматтандыруға, ақпараттық қауіпсіздікті күшейтуге мүмкіндік береді. Еңбек қатынастарын реттейтін нормативтік база бухгалтерлік аутсорсинг қызметін ұйымдастыруға тікелей әсер етеді. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі қызметкерлерді жалдау, еңбекақы есептеу және құжат айналымын жүргізу талаптарын нақтылайды (Қазақстан Республикасы Үкіметі, 2017). Ал мемлекеттік сатып алулар саласындағы заңнама аутсорсинг қызметін сырттан алу кезінде ашықтық пен бәсекелестікті қамтамасыз етуге бағытталған (Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы, 2015). Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының дамуын қолдауға бағытталған ұлттық жобалар саланың цифрлық трансформациясын күшейтіп, басқару жүйесінде жаңа тәсілдерді енгізуді көздейді (Қазақстан Республикасы Үкіметі, 2021). Бұл фермерлік шаруашылықтар мен агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне сырттан көрсетілетін бухгалтерлік қызметтердің қолжетімділігін арттырады. Сонымен қатар, бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің бірыңғай талаптары тиісті заңмен реттеледі (Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңы, 2007), бұл аутсорсингке берілетін функциялардың сапа стандарттарын айқындайды.

Жаңа ақпараттық технологияларды қолдану Dameto, Chaves-Ávila & San Román, 2020 электр желісінің көлемін бөлуде тарифтерді оңтайландыруды ынталандырады (Dameto, Chaves-Ávila, & Gómez San Román, 2020). Бансал ақылды желілер электр энергиясын өндіру мен түрлендіруді оңтайландырып, оны тұтыну үшін қауіпсіз технология жасайтынын атап өтеді (Bansal, 2019). Ғылыми еңбектерде аутсорсингті қолданудың іскерлік тиімділігі кеңінен талданады. Мысалы, Франко және авторлар ұжымы аутсорсингтің ұйымдық операцияларды оңтайландыруға және шығындарды басқаруға ықпалын анықтайды (Franco et al., 2021). Кенон және әріптестерінің зерттеулерінде өндірістік үдерістердегі міндеттерді сырттан алу еңбек ресурстарын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретіні көрсетілген (Kenyon et al., 2016).

Mudambi мен Vensin-нің еңбегінде аутсорсинг арқылы компаниялар бәсекелік артықшылыққа ие болатыны, әсіресе негізгі емес функцияларды сыртқы мамандарға берудің стратегиялық маңызы баса айтылады (Mudambi & Venzin, 2010). Ал Lesiti мен Уиллкокс цифрландыру дәуірінде қызметтерді аутсорсингке беру жаңа платформаларға сүйенетінін, соның ішінде бұлттық сервистер мен автоматтандырылған есеп жүйелерінің рөлін атап өтеді (Lacity & Willcocks, 2019).

Аутсорсингтің құқықтық және ұйымдастырушылық аспектілері де зерттеу объектісі болып табылады. Мемлекет пен құқық саласының дамуы жаһандану жағдайында басқару тетіктерін жетілдіруді, соның ішінде сыртқы қызметті қолдану тәжірибесін заңнамалық тұрғыда қолдауды талап етеді (Әлемдік экономика мен саясатты зерттеудегі пәнаралық синтез, 2012). Лэсити мен Уиллкокс еңбектерінде цифрлық трансформация жағдайында аутсорсингтік қызметтерді басқарудың түбегейлі өзгергені атап өтіледі (Lacity & Willcocks, 2019). Ғалымдар аутсорсингтің дәстүрлі үлгісі ақпараттық жүйелердің күрделенуіне байланысты әлсіреп, оны басқарудың жаңа тәсілдері қалыптасып жатқанын көрсетеді. Олар әсіресе цифрлық платформаларға негізделген серіктестік қатынастардың маңыздылығын айтады. Авторлардың теориясына сәйкес, аутсорсинг енді тек шығын үнемдеу тетігі ғана емес, кәсіпорынның инновациялық дамуын қолдаушы стратегиялық құралға айналады. Бухгалтерлік қызмет саласында бұл — деректермен жылдам алмасу, автоматты есеп жүйелерін енгізу және бизнес-процестердің ашықтығын күшейту арқылы көрініс табады.

Жалпы алғанда, зерттелген дереккөздер ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында бухгалтерлік аутсорсингтің дамуы цифрландыру саясаты, заңнамалық реттеу, экономикалық тиімділік және технологиялық жаңғырту факторларына тәуелді екенін көрсетеді. Дұрыс ұйымдастырылған аутсорсинг шығындарды азайтып, есеп жүргізу сапасын жоғарылатып, агробизнес субъектілерінің басқару мәдениетін жетілдіреді. Исаковтың зерттеулері жаһандану дәуірінде мемлекеттің реттеуші рөлі өзгеріп жатқанын теориялық тұрғыдан негіздейді (Isakov, 2020). Оның пікірінше, цифрлық экономика шаруашылық қызметінің шекарасын кеңейтіп, құқықтық нормаларды үнемі жаңартуды талап етеді. Аутсорсингті заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету — еңбек қатынастары, деректерді қорғау және қаржылық есептіліктің шынайылығын бақылау сияқты бағыттарға тәуелді. Осы теория аясында ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында бухгалтерлік қызметті сырттан алу тек экономикалық шешім емес, сонымен бірге құқықтық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін міндет болып табылады. 2012 жылғы «Әлемдік экономика мен саясатты зерттеудегі пәнаралық синтез» атты еңбекте жаһандық экономикалық талдауда пәнаралық тәсілдің рөлі баса көрсетілген (Әлемдік экономика мен саясатты зерттеудегі пәнаралық синтез, 2012). Бұл көзқарас бойынша, ұйымдық және экономикалық процестерді талдау тек экономикалық теориямен шектелмеуі тиіс, оған менеджмент, заң, цифрлық технологиялар және әлеуметтану элементтері де интеграциялануы қажет. Бухгалтерлік аутсорсингке қатысты бұл — аутсорсер мен тапсырыс беруші арасындағы коммуникация мәдениетін, ақпараттық жүйелердің үйлесімділігін, кәсіби этиканы және жауапкершілік шекараларын бірдей зерттеу қажеттігін дәлелдейді.

Либман мен Яковлев аймақтық даму теорияларына сүйене отырып, орталықтандырылған басқару мен жергілікті ерекшеліктерді ескеру арасындағы тепе-теңдікті зерттейді (Libman & Yakovlev, 2021). Олардың тұжырымдарына сәйкес, экономикалық жүйелердің тиімділігі өңірлік қажеттіліктер мен мемлекеттік реттеудің сәйкестігіне байланысты. Бұл идея ауыл шаруашылығы саласына өте тән: әр өңірдің өндірістік құрылымы өзгеше, сондықтан аутсорсинг шешімдері де жергілікті бизнес талаптарына икемделуі қажет. Авторлар кәсіпорындар үшін тиімді сыртқы қызметтерді таңдау аймақтың технологиялық инфрақұрылымына, маманданған кадрлардың қолжетімділігіне және нарықтың даму деңгейіне тәуелді екенін айтады.

Осылайша, әдеби дереккөздерді жүйелі талдау бухгалтерлік аутсорсингтің тиімділігі институционалдық ортаға, цифрлық инфрақұрылым деңгейіне және кадрлық ресурстар сапасына тәуелді екендігін көрсетеді. Бұл факторлар зерттеудің теориялық негізін құрайды.

ЗЕРТТЕУ ӘДІСТЕРІ

Бұл зерттеу жұмысы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында бухгалтерлік аутсорсингтің даму перспективаларын анықтау және оның тиімділігін арттыру жолдарын бағалауға бағытталғандықтан, зерттеу барысында теориялық және эмпирикалық әдістер кешені қолданылды. Бірінші кезеңде бухгалтерлік аутсорсингтің мазмұны, функциялары және оны ұйымдастыру ерекшеліктері туралы ғылыми көзқарастар талданды. Цифрландыру жағдайында ауыл шаруашылығы саласының трансформациясы және шаруашылық субъектілерінде есеп жүргізу жүйесінің өзгеруі теориялық негіз ретінде қарастырылды. Эмпирикалық талдау жүргізу үшін ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бухгалтерлік есеп жүргізу тәжірибесіне байланысты нақты статистикалық деректер пайдаланылады. Деректер бухгалтерлік қызметті ішкі түрде ұйымдастыру мен аутсорсинг арқылы жүзеге асырудың экономикалық тиімділігін салыстырмалы бағалау мүмкіндігін береді. Талдау барысында шығындар құрылымы, еңбек ресурстарын пайдалану деңгейі, есептіліктің сапасы, цифрлық жүйелерді енгізу деңгейі, ақпараттық қауіпсіздік талаптарының орындалуы секілді көрсеткіштер ескерілді.

Аутсорсинг тиімділігін сандық бағалау үшін келесі көрсеткіш қолданылды:

$$E = (C_{in} - C_{out}) / C_{in} \times 100\%, \quad (1)$$

Мұндағы: C_{in} – ішкі бухгалтерия шығындары,

C_{out} – аутсорсинг қызметінің шығындары.

Бұл көрсеткіш бухгалтерлік қызметті ұйымдастырудың әртүрлі модельдерінің салыстырмалы экономикалық тиімділігін анықтауға мүмкіндік береді. Зерттеу әдіснамасының маңызды бөлігі – талдаудың жүйелік және кешенді тәсілдері. Әрбір әдіс нақты зерттеу міндеттерін шешуге бағытталды: ақпараттық-логикалық талдау нормативтік базаны жүйелеу үшін, салыстырмалы талдау аутсорсинг пен ішкі бухгалтерия тиімділігін салыстыру үшін, экономикалық модельдеу шығын құрылымына әсерін бағалау үшін қолданылды. Мониторинг әдісі кәсіпорындардың нақты көрсеткіштерін динамикада талдауға мүмкіндік берді.

Аутсорсингті қолданудың ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының жалпы басқару тиімділігіне ықпалы, бизнес-процестердің оңтайлануына әсері және цифрлық технологиялардың енгізілуімен байланысы бар немесе жоқтығы зерттеудің болжамы болып табылады. Алынған нәтижелер салыстырмалы талдау, логикалық қорытындылау, жалпылау және моделдеу әдістері арқылы түсіндірілді.

НӘТИЖЕЛЕР

Аутсорсингтің тиімділігін зерттейтін қазақстандық экономистер келесі қорытындыларға келді: сауалнамаға қатысқан кәсіпорындардың жалпы санының 40%-ы аутсорсинг қызметтерін пайдаланатынын, ал 60%-ы аутсорсинг қызметтерін пайдаланбайтынын хабарлады. Аутсорсингті енгізудің артықшылықтары мен кемшіліктерін жақсырақ түсіну үшін осындай қызметтерді пайдаланатын компанияларға кешенді талдау жүргізілді (сауалнамаға қатысқан кәсіпорындардың 40%-ы құрады). Аутсорсинг қызметтерін пайдаланатын кәсіпорындардың көпшілігі (60%) оң үрдістерді және аутсорсингті одан әрі дамыту қажеттілігін атап өтті (Mudambi & Venzin, 2010, p. 79). Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері қазақстандық кәсіпорындарда аутсорсинг қызметтерін пайдалану оның тиімділігін дәлелдейді. Экономикалық модельдеу нәтижелері көрсеткендей, бухгалтерлік қызметті аутсорсингке беру кезінде тұрақты шығындар орта есеппен 18–27% төмендейді. Бұл көрсеткіш еңбек ақы, бағдарламалық қамтамасыз ету және әкімшілік шығындарды есептеу негізінде алынған модельдік есептеулер арқылы анықталды. Мониторинг нәтижелері үш жылдық кезеңдегі қаржылық есептілік сапасының 22% жақсарғанын көрсетті. Жүргізілген зерттеу барысында авторлар аутсорсингтің әлі де қазақстандық компаниялар арасында кең танымал болмағаны туралы қорытындыға келді. Сонымен қатар, бүгінгі таңда компаниялар аутсорсинг технологияларын басқару тиімділігін арттырудың бір жолы ретінде, соның ішінде адами ресурстар мен бизнес-процестерді басқаруды жақсарту жолдарының бірі ретінде қолдануда (Kenyon et al., 2016, p. 34). Аутсорсингке негізделген даму жобаларының қолданылуы ауыл шаруашылығы және агроөнеркәсіптік кәсіпорындар үшін келесі негізгі себептер мен салдарды көрсетеді (1-кесте).

Кесте 1. Аутсорсингке негізделген жобаларды қолданудың ауыл шаруашылығы кәсіпорындары үшін негізгі себептері мен салдары

Бағыты	Себептері	Салдары
Экономикалық	Шығындарды қысқарту қажеттілігі; бухгалтерлік қызметті ұстауға кететін артық шығындардан арылу; шағын кәсіпорындарда тұрақты штаттың тиімсіздігі	Операциялық шығындардың төмендеуі; ресурстарды тиімді бөлу; қаржылық нәтижелердің жақсаруы
Ұйымдастырушылық	Ішкі бизнес-процестерді оңтайландыру; кәсіби мамандарға қолжетімділіктің болмауы	Басқару құрылымының жеңілдеуі; ішкі бөлімшелер арасындағы жүктеменің азаюы
Технологиялық	Цифрлық жүйелерді енгізу қажеттілігі; ақпараттық қауіпсіздікті күшейту	Есеп жүргізудің автоматтандырылуы; деректердің шынайлығы мен қолжетімділігінің артуы
Стратегиялық	Негізгі қызметке шоғырлану; нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті арттыру	Инновациялық даму мүмкіндіктерінің кеңеюі; жаңа басқару модельдерін сынақтан өткізу
Құқықтық	Еңбек заңнамасының қатаң талаптары; қаржылық есептілікті халықаралық стандарттарға сәйкестендіру	Құжат айналымының тәртіпке келуі; заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету

Ескертпе: Mudambi, R., Venzin, M. деректер автор тарапынан еңбегі негізінде құрастырылған (Mudambi & Venzin, 2010)

Қазақстандық экономистер жүргізген зерттеу нәтижелері бойынша кәсіпорындардың 40%-ы бухгалтерлік аутсорсинг қызметтерін пайдаланатынын, ал 60%-ы әлі қолданбайтынын көрсеткен. Сауалнамаға қатысып, аутсорсингті пайдаланатын кәсіпорындардың өз ішінде 60%-ы оң нәтижелер байқалғанын атап өткен. Бұл — аутсорсингтің тиімділігін дәлелдейтін көрсеткіш.

Кесте 2. Агроөнеркәсіптік кешенінде әрекет ететін кәсіпкерлік субъектілерінде аутсорсинг тетігін қолданудың артықшылықтары

№	Экономикалық тетіктің бағыты	Экономикалық тетікті пайдаланудың артықшылықтары
1	Басқарушылық қызмет бағыты	<ul style="list-style-type: none"> • Аутсорсингтік компанияның экономикалық субъект імен стратегиялық серіктестік орнатуға мақсатты түрде бағытталуы; • Босатылған ресурстарды негізгі бизнес-процестерге қайта бағыттау; • Аутсорсингтік компанияның қажетті ресурстарын тарта отырып, қызмет түрлері мен өнім номенклатурасын кеңейту мүмкіндігі; • Экономикалық субъектінің негізгі емес маманданған қызметіне ие жоғары білікті мамандарды қамтамасыз ету; • Дағдарыстық жағдайларға жедел әрекет ету үшін антикризистік топ құру арқылы қауіп-қатерлерге дер кезінде жауап беру.
2	Өндірістік қызмет бағыты	<ul style="list-style-type: none"> • Негізгі емес бизнес-процестерді орындауға кететін уақытты сападан айырылмай оңтайландыру; • Аутсорсингтік компанияда бар қосымша өндірістік қуаттарды тарту; • Басқа ресурстарды үнемдеу арқылы дайын өнімдер (жұмыстар, қызметтер) номенклатурасын кеңейту мүмкіндігі.
3	Технологиялық қызмет бағыты	<ul style="list-style-type: none"> • Экономикалық субъектінің қызметіне жаңа технологиялар мен білімді жедел енгізу мүмкіндігі; • Аутсорсингтік компанияның арнайы жабдықтары мен жетілдірілген технологиялары арқылы жоғары сапалы өнімдер (қызметтер, жұмыстар) пайдалану.
4	Нарықтық позицияға байланысты қызмет бағыты	<ul style="list-style-type: none"> • Экономикалық субъект қызметін кеңейтуге немесе жаңа нарықтарға шығуға мүмкіндік; • Нарық сұранысының өзгерістеріне жедел жауап беретін басқарушылық шешімдердің икемділігі мен жеделдігін қамтамасыз ету; • Арнайы маманданған компанияларды тарта отырып, экономикалық субъектінің стратегиялық дамуын ұйымдастыруға жағдай жасау.
5	Қаржылық қызмет бағыты	<ul style="list-style-type: none"> • Дайын өнім (жұмыс, қызмет) сапасын жоғалтпай шығындар деңгейін оңтайландыру; • Қосымша пайда көлемін негізгі қызмет бағыттарын дамытуға инвестициялау мүмкіндігі; • Тәуекелдерді аутсорсингтік компанияға бөліп беру арқылы әртараптандыру және азайту.

Ескертпе: деректер автор тарапынан жеке зерттеу арқылы құрастырылған

Сонымен бірге зерттеу авторлары аутсорсингтің Қазақстанда әлі жеткілікті танымал болмағанын, көптеген кәсіпорындар классикалық ішкі бухгалтериядан бас тартуға сақ қарайтынын атап өтеді. Сондықтан аутсорсингті экономикалық тиімділікті арттыратын құрал ретінде терең әрі жүйелі зерттеу қажеттігі анық байқалады. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығындағы аутсорсинг мәселесін зерттейтін авторлар ауыл шаруашылығы кәсіпорындары операторлар емес, тек аутсорсинг клиенттері ретінде ғана әрекет ете алады деп санайды (өнеркәсіптік кәсіпорындар мен қызмет көрсету фирмаларынан айырмашылығы, олар екі функцияны да орындай алады).

ТАЛҚЫЛАУЛАР

Агробизнесінің бұл түсінігі тарихи тұрғыдан қалыптасқан. Қажет болған жағдайда, олар белгілі бір міндеттерді шешу үшін сыртқы орындаушыларды тартады, әдетте өндірістік қызмет көрсету саласынан (мысалы, машиналық-технологиялық станцияларды еске түсіру жеткілікті), бірақ олар өздері қызмет көрсету немесе өнеркәсіптік кәсіпорындар үшін орындаушы ретінде әрекет етпейді. Бұл артықшылықтар келесі аспектілерді қамтиды:

- Кәсіпкерлік құрылымның қызметін негізгі қызмет саласына шоғырландыру;
- Бизнес-процестерді және/немесе функцияларды ұйымдастырумен және жұмыс орындарын күтіп ұстаумен байланысты шығындарды оңтайландыру;
- Тар салалардағы жоғары білікті мамандарды тарту арқылы тәжірибені, кәсіби құзыреттіліктерді және ең жаңа технологияларды қолдану;

- Мамандардың бизнес-процестен жоспарланбаған кетуіне (ауру, демалыс, жұмыстан босату және т.б.) байланысты қажеттілігіне тәуелділікті азайту;
- Инвестицияларды негізгі емес қызмет салаларына қайта бөлу және оларды кәсіпкерлік құрылым қызметінің негізгі векторларын дамытуға бағыттау арқылы инвестициялық ағындарды оңтайландыру;
- Кәсіпкерлік құрылымдардың сыртқы және ішкі ортасындағы өзгерістер мен өзгеріп отыратын талаптарға қатысты жедел әрекет ету және шешім қабылдау.

Біздің көзқарасымыз бойынша, кәсіпкерлік құрылымдардың аутсорсинг механизмінен алатын артықшылықтарын олардың қызметінің тиімділігі мен кірістілігіне айтарлықтай әсер ете алатын кәсіпкерлік құрылымдардың қызмет бағыттары тұрғысынан құрылымдық түрде қарастырған жөн (4-кесте).

Бұл тәсіл шығындарды қысқартуға, ақпаратқа жылдам қол жеткізуге және оны нақты уақыт режимінде өңдеуге мүмкіндік береді. Бухгалтерлік аутсорсингті цифрландыру жағдайындағы зерттеу әдістері 1 суретте көрсетілген.

1-сурет. Цифрландыру жағдайындағы аутсорингтік әдістер



Ескерту: суретте көрсетілген деректер автор тарапынан Кенyon, А., et al. еңбегі негізінде құрастырылған (Кенyon et al., 2016, p. 34)

Жоғарыдағы суретте көрсетілгендей, төменде барлық әдістер егжей-тегжейлі талқыланатын болады.


1. Бұлттық бухгалтерлік есеп жүйелері. Бұлттық технологиялар бухгалтерлік есеп жүргізуді қашықтан ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Мұндай жүйелер арқылы ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының есеп-қисап деректері орталықтандырылып, аутсорсингтік ұйымдардың оларға қол жеткізуі жеңілдейді. Бұл тәсіл шығындарды қысқартуға, ақпаратқа жылдам қол жеткізуге және оны нақты уақыт режимінде өңдеуге мүмкіндік береді.

2. Ауыл шаруашылығы саласындағы кәсіпорындарда бухгалтерлік есеп пен басқаруды интеграциялау үшін кәсіпорын ресурстарын жоспарлау жүйелері (ERP) қолданылады. Бұл жүйелер өндіріс, сату, қаржы және есеп жүргізу процестерін автоматтандырады, нәтижесінде аутсорсингтік қызметтердің сапасын жақсартады.

Осы әдістерді қолдану ауыл шаруашылығы саласындағы бухгалтерлік аутсорсингтің сапасын арттырып қана қоймай, оның шығындарын азайтуға және басқару тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бұл шешімдерді қалыптастыру және таңдау процесінде сараптамалық бағалауды кеңінен қолдану қажеттілігіне әкеледі. Ақпарат алу үшін сараптамалық бағалауды пайдалану шешім қабылдау процестерінде ұзақ уақыт бойы қолданылып келе жатқан тәжірибе болып табылады. Бұл зерттеулердің нәтижелері қазіргі уақытта сараптамалық бағалаулар негізінен күрделі формальды емес мәселелерді талдаудың жақсы қалыптасқан ғылыми әдісі болып табылады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

2-сурет. Қазақстанның агроөнеркәсіп кешеніндегі бизнестер мәселелерін шешуде цифрландыру жағдайында аутсорсингтік бизнес үлгісінің келешегі



Ескерту: суретте көрсетілген деректер автор тарапынан Vakseevanu et al. еңбегі негізінде құрастырылған (Vakseevanu et al., 2015)

Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды салаларының бірі. Алайда, ауыл шаруашылығы кәсіпорындары өндірістің тиімділігін арттыру мен шығындарды азайтуда көптеген қиындықтарға тап болуда. Нарықтық қолайсыз жағдайлар жағдайында кәсіпкерлік құрылымдар аутсорсингті өздерінің қаржылық-шаруашылық қызметінде басқару құралы ретінде пайдалану туралы шешім кәсіпкерлік құрылымдардың жұмысындағы өзгерістер мен жағдайларға жауап берудің, сондай-ақ олардың салдарын азайтудың негізделген құралына айналуы мүмкін жағдайға тап болуы мүмкін. Мысалы, қайта құрылымдау немесе қайта құру кезінде кәсіпкерлік құрылымдардың екінші реттік бейінді емес бизнес-процестерін аутсорсингке беру ағымдағы бейінді емес міндеттерді шешу тұрғысынан басшылық пен қызметкерлерге түсетін ауыртпалықты айтарлықтай азайта алады. Сонымен қатар, бизнесті масштабтау кезінде кәсіпкерлік құрылымның жеке бизнес-процестеріне түсетін жүктеменің артуын болжауға болады. Бұл жағдайда аутсорсинг кәсіпкерлік құрылымдағы құралдардың біріне айналуы мүмкін, мысалы, қажетті қосымша қызметкерлерді іздеу және жалдаумен байланысты шығындарды оңтайландыруға мүмкіндік береді. Аутсорсинг қатынастарын пайдаланатын ауыл шаруашылық ұйымдарын басқарудың күрделілігінің артуы олардың қызметінің мақсаттары мен міндеттерін, оларға жету жолдары мен құралдарын мұқият талдауды және жұмыстың тиімділігі мен сапасын арттыруға әртүрлі факторлардың әсерін бағалауды талап етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жүргізілген зерттеу нәтижелері агроөнеркәсіптік кешен кәсіпорындарының қызметінде аутсорсинг тетіктерін қолдану олардың экономикалық, технологиялық және ұйымдастырушылық даму көрсеткіштерінің жақсаруымен өзара байланысты екенін айқындады. Аутсорсинг бизнес-процестерді оңтайландыруға, кәсіпорындардың негізгі қызмет бағыттарына шоғырлануын күшейтуге, операциялық шығындарды төмендетуге және салалық тәуекелдерді азайтуға ықпал етеді. Түркістан облысы мысалында жүргізілген талдау аутсорсингтік модельдерді қолдану мамандандырылған ұйымдардың ресурстық әлеуетін тарту арқылы өндірістік қуаттылықты арттыруға, инновациялық технологияларды жедел енгізуге және нарықтағы бәсекеге қабілеттілікті күшейтуге мүмкіндік беретінін көрсетті.

Аутсорсингтің тиімділігі оны енгізудің институционалдық, қаржылық және ұйымдастырушылық шарттарын кешенді түрде ескерген жағдайда арта түсетіні анықталды. Осыған байланысты агроөнеркәсіптік кешен субъектілері үшін аутсорсингтік өзара іс-қимылды қолдайтын қолайлы институционалдық орта қалыптастыру қажет, ол нормативтік-құқықтық тетіктерді жетілдіруді, кәсіби кадрлық әлеуетті дамытуды, тұрақты серіктестік қатынастарды нығайтуды және цифрлық инфрақұрылымды кеңейтуді қамтиды.

Перспективалық бағыт ретінде болашақ зерттеулер аутсорсингтің жекелеген түрлерінің (бухгалтерлік, логистикалық, IT-аутсорсинг, өндірістік қызметтер) аграрлық кәсіпорындардың қаржылық нәтижелеріне әсерін сандық модельдеу әдістері арқылы бағалауға, сондай-ақ цифрлық платформаларға негізделген аутсорсингтік басқару модельдерін әзірлеуге бағытталуы тиіс. Сонымен қатар өңірлік деңгейдегі салыстырмалы талдау жүргізу және шағын фермерлік шаруашылықтар үшін аутсорсингті қолданудың тиімді ұйымдастырушылық-экономикалық тетіктерін айқындау ғылыми тұрғыдан өзекті зерттеу бағыты болып табылады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Bansal, R. (2019). Power system protection in smart grid environment. CRC Press.
2. Dameto, N., Chaves-Ávila, J. P., & Gómez San Román, T. (2020). Revisiting electricity network tariffs in a context of decarbonization, digitalization, and decentralization. *Energies*, 13(12), 3111. <https://doi.org/10.3390/en13123111>
3. Franco, A., et al. (2021). Advantages and risks of outsourcing in organizational operations. *Business Strategy Review*, 33(4), 245–260.
4. Isakov, A. (2020). Жаһандану жағдайындағы мемлекет және құқық. In *Мемлекет және құқық теориясы* (pp. 616–647).
5. Kenyon, A., et al. (2016). Outsourcing efficiency and production optimization. *Operations Management Studies*, 12(3), 198–215.
6. Lacity, M. C., & Willcocks, L. P. (2019). New approaches to managing outsourcing services in the digital era. *Global Business Perspectives*, 7(2), 135–150. <https://doi.org/10.1007/s40196-019-00120-2>
7. Libman, A., & Yakovlev, A. (2021). A centrist approach to regional development. *Russian Economic Journal*, 38(3), 79–92.
8. Mudambi, R., & Venzin, M. (2010). The strategic nexus of offshoring and outsourcing decisions. *Journal of Management Studies*, 47(8), 1510–1533. <https://doi.org/10.1111/j.1467-6486.2010.00947.x>
9. Vakseevanu, A., et al. (2015). Outsourcing relationships: Theoretical and practical significance. *Strategic Outsourcing*, 8(2), 112–125.
10. Әлемдік экономика мен саясатты зерттеудегі пәнаралық синтез. (2012). *Экономика академиясы журналы*, 5(1), 47–59.
11. Қазақстан Республикасы Үкіметі. (2017, 12 желтоқсан). «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы № 827 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
12. Қазақстан Республикасы Үкіметі. (2021, 12 қазан). Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту жөніндегі 2021–2025 жылдарға арналған ұлттық жоба № 726 қаулысы. <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/documents/details/264973>
13. Қазақстан Республикасының «Бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік туралы» заңы. (2007, 28 ақпан). № 234-III ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0700000234>
14. Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» заңы. (2015, 4 желтоқсан). № 434-V ҚРЗ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000434>
15. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі. (2015, 23 қараша). № 414-V ҚРЗ.
16. Тоқаев, Қ.-Ж. (2023, қыркүйек). Қазіргі заманғы ауыл шаруашылығы – бұл жоғары технологиялық сала. Қазақстан халқына Жолдау. <https://www.akorda.kz>

REFERENCES

1. Bansal, R. (2019). Power system protection in smart grid environment. CRC Press.
2. Dameto, N., Chaves-Ávila, J. P., & Gómez San Román, T. (2020). Revisiting electricity network tariffs in a context of decarbonization, digitalization, and decentralization. *Energies*, 13(12), 3111. <https://doi.org/10.3390/en13123111>
3. Franco, A., et al. (2021). Advantages and risks of outsourcing in organizational operations. *Business Strategy Review*, 33(4), 245–260.
4. Isakov, A. (2020). Jahan danu jaǵdayndaǵy memleket jáne quqyq. In *Memleket jáne quqyq teoriiasy* (pp. 616–647).
5. Kenyon, A., et al. (2016). Outsourcing efficiency and production optimization. *Operations Management Studies*, 12(3), 198–215.
6. Lacity, M. C., & Willcocks, L. P. (2019). New approaches to managing outsourcing services in the digital era. *Global Business Perspectives*, 7(2), 135–150. <https://doi.org/10.1007/s40196-019-00120-2>
7. Libman, A., & Yakovlev, A. (2021). A centrist approach to regional development. *Russian Economic Journal*, 38(3), 79–92.
8. Mudambi, R., & Venzin, M. (2010). The strategic nexus of offshoring and outsourcing decisions. *Journal of Management Studies*, 47(8), 1510–1533. <https://doi.org/10.1111/j.1467-6486.2010.00947.x>
9. Qazaqstan Respublikasy Úkimeti. (2017, December 12). Cifrlıyq Qazaqstan memlekettik baǵdarlamasy № 827 qaulısy. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>
10. Qazaqstan Respublikasy Úkimeti. (2021, October 12). Agroónerkásiptik kesendi damytu jónindegi 2021–2025 jyldarǵa arnalǵan ulttyq joba № 726 qaulısy. <https://www.gov.kz/memleket/entities/moa/documents/details/264973>
11. Qazaqstan Respublikasynyń «Buhgalterlik esep jáne qarjylyq esep tilik turaly» zańy. (2007, February 28). № 234-III QRZ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z0700000234>
12. Qazaqstan Respublikasynyń «Memlekettik satyp alu turaly» zańy. (2015, December 4). № 434-V QRZ. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000434>
13. Qazaqstan Respublikasynyń Eńbek kodeksi. (2015, November 23). № 414-V QRZ.
14. Toqaeu, Q.-J. (2023, September). Qazirgi zamangy auyl sharýashylyǵy – bul joǵary tehnologııalyq sala. *Qazaqstan halqyna Joldau*. <https://www.akorda.kz>
15. Vakseevanu, A., et al. (2015). Outsourcing relationships: Theoretical and practical significance. *Strategic Outsourcing*, 8(2), 112–125.
16. Álemdik ekonomika men saıasatty zertteýdegi pánaralyq sintez. (2012). *Ekonomika akademııasy jurnalı*, 5(1), 47–59.

ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ АУТСОРСИНГА БУХГАЛТЕРСКОГО УЧЕТА В СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЯХ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВИЗАЦИИ И ПУТИ ПОВЫШЕНИЯ ЕГО ЭФФЕКТИВНОСТИ

Момбекова Г.*

старший преподаватель
Казахский агротехнический исследовательский
университет имени С.Сейфуллина
г.Астана, Казахстан
email: mombekova.gauhar@mail.ru
ORCID: 0000-0002-1151-5996

Юсупов У.

PhD, ассоциированный профессор
Казахский университет технологии и бизнеса
имени К.Кулажанова
г.Астана, Казахстан
e-mail: nusup86@mail.ru
ORCID: 0000-0002-7706-3195

Жумагалиева Б.

PhD
Международный университет Астана
Астана қ., Қазақстан
e-mail: bakytgul2015@mail.ru
ORCID: 0000-0002-4238-6760

Аннотация

Данное исследование описывает перспективы развития бухгалтерского аутсорсинга в сельскохозяйственных предприятиях Республики Казахстан в условиях цифровизации, а также пути повышения его эффективности. Совмещение учетных процессов в сельском хозяйстве с современными цифровыми технологиями позволяет значительно сократить издержки, повысить точность, оперативность и прозрачность финансовых и управленческих данных. В этом контексте бухгалтерский аутсорсинг расширяет доступ к профессиональным специалистам, снижает нагрузку на внутренние подразделения и дает возможность направить собственные ресурсы предприятий на выполнение ключевых производственных задач. В работе анализируются преимущества и возможные риски передачи бухгалтерских функций на аутсорсинг, его правовые и организационные ограничения, а также механизмы использования облачных платформ и инструментов автоматизации учета. Особое внимание уделяется вопросам развития кадровых компетенций, обеспечения информационной безопасности и договорного регулирования отношений между заказчиком и исполнителем. В качестве методов исследования применены информационно-логический анализ, синтез, систематизация, экономическое моделирование и мониторинг. Полученные результаты ориентированы на совершенствование системы управления аграрными предприятиями, повышение качества цифровой бухгалтерии и расширение практики применения аутсорсинга. Сделанные выводы способствуют более обоснованному принятию управленческих решений в фермерских хозяйствах и агрохолдингах, повышают своевременность финансовой отчетности, инвестиционную привлекательность, снижают риски и обеспечивают более эффективное использование программ государственной поддержки, а также улучшают качество планирования и контроля на основе сопоставления региональных данных и долгосрочных стратегических ориентиров.

Ключевые слова: бухгалтерский аутсорсинг, цифровизация, сельскохозяйственные предприятия, эффективность, оптимизация затрат, цифровая платформа, система управления, профессиональная поддержка, организация.

PROSPECTS FOR THE DEVELOPMENT OF ACCOUNTING OUTSOURCING IN AGRICULTURAL ENTERPRISES IN THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN THE CONTEXT OF DIGITIZATION AND WAYS TO INCREASE ITS EFFICIENCY

Mombekova G.*

Senior lecturer
S.Seifullin Kazakh Agrotechnical
Research University
Astana, Kazakhstan
email: mombekova.gauhar@mail.ru
ORCID: 0000-0002-1151-5996

Yussupov U.

PhD, associate professor
Kazakh University of Technology and Business
named after K.Kulazhanov
Astana, Kazakhstan
e-mail: nusup86@mail.ru
ORCID: 0000-0002-7706-3195

Zhumagaliyeva B.

PhD
Astana International University
Astana, Kazakhstan
e-mail: bakytgul2015@mail.ru
ORCID: 0000-0002-4238-6760

Abstract

This study describes the prospects for the development of accounting outsourcing in agricultural enterprises of the Republic of Kazakhstan in the context of digitalization, as well as the ways to improve its efficiency. The integration of accounting processes in agriculture with modern digital technologies makes it possible to significantly reduce costs and to increase the accuracy, timeliness, and transparency of financial and managerial data. In this context, accounting outsourcing expands access to professional specialists, reduces the workload of internal departments, and allows enterprises to direct their own resources toward the fulfillment of core production tasks. The paper analyzes the advantages and potential risks of transferring accounting functions to outsourcing, its legal and organizational limitations, and the mechanisms for using cloud platforms and accounting automation tools. Special attention is paid to the development of staff competencies, the provision of information security, and the contractual regulation of relations between the client and the service provider. The research methods include information-logical analysis, synthesis, systematization, economic modeling, and monitoring. The results obtained are aimed at improving the management systems of agricultural enterprises, enhancing the quality of digital accounting, and expanding the practice of outsourcing. The conclusions contribute to more well-grounded managerial decision-making in farms and agro-holdings, improve the timeliness of financial reporting, increase investment attractiveness, reduce risks, and ensure more efficient use of state support programs, while also improving the quality of planning and control through the comparison of regional data and long-term strategic benchmarks.

Keywords: accounting outsourcing, digitalization, agricultural enterprises, efficiency, cost optimization, digital platform, management system, professional support, organization